

«Бекітемін»
 №20 «Ақсуат» бөбекжайы» МКҚК
 директоры: Нурбергенова Б.К.



2024-2025 оқу жылында ата – аналармен өткізілетін іс-шаралар жоспары

Р/с	Тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	1.«Балабақшадағы күн тәртібі» тақырыбында топтардағы ата – аналардың жиналысы 2.Жаңадан келген ата-аналарды 2024-2025 оқу жылына арналған мақсаттар және міндеттермен таныстыру 3. 2024-2025 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын сайлау 4. Сауалнама жүргізу 5. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбекенің баяндамасы	Қыркүйек - қазан	Директор, әдіскер, медбике,
2	1.Ата-аналарға балаларды балабақшаға бейімдеу бойынша кеңес беру Баланың мінез-құлқы, жағдайларды талдау, жеке әңгімелесу, сауалнама 2. Топтарды жинақтау және рәсімдеу жұмысына ата-аналардың көмектесуі. 3.Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбекенің баяндамасы	Қараша-желтоқсан	Әдіскер, медбике, топ тәрбиешілері
3	1.Топта «Ойын арқылы оқыту» тақырыбына ата-аналар жиналысын өткізу. 2.Педагог-психологпен әңгімелесу. «Ойыншықтарды жинауды қалай үйрету керек?» 3. Сауалнама жүргізу 4. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбекенің баяндамасы	Ақпан	Әдіскер, медбике, тәрбиешілер
4	1.»Мерейлі балабақша!» 2.Балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөнінде атқарылған жылдық жұмыстың қорытындылары 3.Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарымен танысу.	Мамыр	Директор, әдіскер

**«№20 «Ақбұлақ» бөбекжайы» МКҚК-да 2024-2025 оқу жылындағы жалпы
ата-аналар жиналысының №3 хаттамасы**

07 ақпан 2025 жыл

Жаңаөзен қаласы

Қатысқандар:

Бөбекжай директоры – Б.К. Нурбергенова
Әдіскер – Лепесбаева К.К.
Медбике – Сисенова А.М..
Тәрбиешілер – 17
Ата-аналар – 21

Күн тәртібінде:

1. Топта ата-аналармен. Тақырыбы: «Ойын арқылы оқыту».
Жауапты: тәрбиеші С.Э. Абдуллаева;
2. Педагогпен әңгімелесу: Тақырыбы: «Ойыншықтарды жинатуды қалай
үйрету керек.» Жауапты: тәрбиеші Э. Нұрлыбаева;
3. Сауалнама жүргізу
4. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбекенің баяндамасы.
Жауапты: А.М. Сисенова

Тыңдалды:

Бөбекжай директоры Б.К. Нурбергенова күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, Бөбекжай тәрбиеші «Ойын арқылы оқыту» атты тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізді. Ұжымының қалыптасуы – ұзақ, күрделі үдеріс. Балалар ұжымының қалыптасуы үш кезеңнен тұрады: алғашқы кезең бірге әрекет етіп, бірге ойнаудан туындайтын, 3-6 адамнан тұратын сан жағынан шағын балалар бірлестігі, бұл бірлестік – құрамы жағынан тұрақсыз, қысқа мерзімді, оңай тарап кететін бірлестік.

Екінші мәселе бойынша, тәрбиеші Э. Нұрлыбаева балалармен «Ойыншықтарды жинатуды қалай үйрету керек.» екенін түсіндіріп, көрсетіп әңгімелесті.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналармен баланың балабақшаға бейімделуі туралы сауалнама жүргізілді.

Төртінші мәселе бойынша медбике А.М. Сисенова «Балалар ауруларының алдын алу» тақырыбында дайындаған баяндамасын оқып, түсіндірді.

Сөз сөйледі:

Бөбекжай директоры Б.К. Нурбергенова: Құрметті ата-аналар, жылдың басы бізге сәттілік болғай! Балаларымыз үлкен белестерден көріне берсін. Өтініш ата-ана жарнасын уақытында, келісім шартта көрсетілгендей әр айдың 10 жұлдызына дейін төлеңіздер. Жақсылықта көрісіп, жүздесе берейік!

№9 топ ата-анасы: Салеметсіздер ме! Осы балабақша ұжымына алғыс білдіремін. Тәрбиешілерге де үлкен рахмет, әрқашан түсіністікпен қарап, жылы жүзбен қарсы алған.

№5 топ ата-анасы: Менде сөйлеген ата-анаға қосыламын және рахметімді айтамын. Балаларымыз өлең, тақпақ айтып, би билеуді үйренді. Мереке кездерінде ертеңгіліктеріне қатысып жүрдім, қызықты өтті бәріде. Апайларына ризамын.

Шешім:

1. Балалардың күн тәртібінің сақталуы қадағалансын.
2. Бөбекжайдың тазалығына аса көп мән берілсін.

Жиналыс төрайымы



Нурбергенова Б.К.

Хатшы



Утетлеуова А.Л.

Тақырыбы: «Ойын арқылы оқыту»

Тәрбиеші: С.Э. Абдуллаева

2024-2025 жыл





